

**ЦИФРЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯ: НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРҒА ШОЛУ****Багдагуль  
ЖАПАРАЛИНА\****ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,  
Дипломатия институтының докторанты, Астана, Қазақстан,  
[zhbagdaqul@gmail.com](mailto:zhbagdaqul@gmail.com)***Камилла  
ШЕРЬЯЗДАНОВА***PhD докторы, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару  
академиясының Қолданбалы зерттеулер институтының  
Мемлекеттік саясатты талдау секторының жетекші ғылыми  
қызметкері, Астана, Қазақстан [kamilla.sheryazdanova@mail.ru](mailto:kamilla.sheryazdanova@mail.ru),  
ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5419-1138>***Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 07/12/2022****DOI: 10.52123/1994-2370-2023-977****ӨЖ 327****ҒТАХТК 11.25.19**

**Аңдатпа.** Бүгінгі таңда цифрлық дипломатия сыртқы саясаттың пәрменді құралына айналды және әлемде кеңінен таралды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, интернет пен әлеуметтік желілер саласындағы ерекше жетістіктердің арқасында дипломатияны іске асыру және ұсыну тәсілі түбегейлі өзгерді және дәстүрлі дипломатиялық элементтерден алшақтай бастады. Сондықтан цифрлық дипломатияның рөлі мен маңызы туралы білу қажет. Бұл мақалада цифрлық дипломатияның анықтамасы, өзектілігі және тиімділігі туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар зерттеу «Цифрлық елшілік» және «Цифрлық елші», консулдық қызметтерді автоматтандыру процесі, қоғамдық дипломатия, әлеуметтік желілерде жеке парақшаларды пайдаланудың бірыңғай саясаты, электрондық сауда мәдениетін енгізу, шешім қабылдаудың ақпараттық-талдамалық жүйелері сияқты негізгі бағыттарды шолуға бағытталған. Мақалада халықаралық рейтингтер мен цифрлық дипломатияның жаңа үрдістерін түсінумен байланысты баяндамалар, талдау орталықтары мен ұйымдардың статистикалық деректері, әлеуметтік желілердің деректері пайдаланылды.

**Түйін сөздер:** «цифрлық дипломатия», ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, қоғамдық дипломатия, интернет.

**Abstract.** Digital diplomacy has become an efficient instrument of foreign policy today and has become widespread in the world. Being influenced by extraordinary achievements in the sphere of information and communication technologies, the Internet, and social networks, the way diplomacy is implemented and presented has changed radically and is increasingly moving away from traditional diplomatic elements. Therefore, knowledge about the role and importance of digital diplomacy is simply necessary. This article provides information on the definition, relevance, and effectiveness of digital diplomacy. Meanwhile, the study focuses on the review of the main areas, such as «Digital Embassy» and «Digital Ambassador», the process of automation of consular services, public diplomacy, a unified policy for the use of personal pages in social networks, the introduction of e-commerce culture, information and analytical decision-making systems. When writing this work, various sources in Russian and English were used and analyzed. In addition, international ratings and reports related to understanding the latest trends in digital diplomacy, statistical data from analytical centers and organizations, and data from social networks were used. The theoretical and practical significance of the work is determined by the relevance of the topic under consideration.

**Keywords:** digital diplomacy, information and communication technologies, public diplomacy, Internet.

**Аннотация.** Цифровая дипломатия сегодня стала действенным инструментом внешней политики и получила широкое распространение в мире. Благодаря уникальным достижениям в сфере информационно-коммуникационных технологий, интернета и социальных сетей, способ реализации и представления дипломатии кардинально изменился и начал отходить от традиционных дипломатических элементов. В связи с этим, знания о роли и значении цифровой дипломатии просто необходимы. В этой статье представлена информация об определении, актуальности и эффективности цифровой дипломатии. Между тем, основное внимание в исследовании уделяется обзору основных направлений, таких как «Цифровое посольство» и «Цифровой посол», процесс автоматизации консульских услуг, публичная дипломатия, единая политика использования личных страниц в социальных сетях, внедрение культуры электронной коммерции, информационно-аналитические системы принятия решений. В статье использованы международные рейтинги и доклады, связанные с осмыслением новейших тенденций цифровой дипломатии, статистические данные аналитических центров и организаций, данные социальных сетей.

**Ключевые слова:** «цифровая дипломатия», информационно-коммуникационные технологии, публичная

\* Хат-хабарларға арналған автор: Б. Жапаралина, [zhbagdaqul@gmail.com](mailto:zhbagdaqul@gmail.com)

дипломатия, интернет.

## Кіріспе

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), интернет пен әлеуметтік желілердегі көрнекті жетістіктердің әсерінен дипломатияны іске асыру және ұсыну тәсілі түбегейлі өзгерді және дәстүрлі дипломатиялық элементтерден алшақтай бастады. Бүгінгі таңда цифрлық дипломатия немесе «е-дипломатия» жаһанданудың және жаңа қоғамдық дипломатияның жемісі болып табылады. Сондай-ақ жиырма бірінші ғасырдағы дипломатиялық қарым-қатынастың негізгі үдерістерінің бірі болып саналады (Rashica, 2018).

Цифрлық дипломатияны экономикалық дамыған елдердің үкіметтері мен сыртқы саяси ведомстволары мемлекеттің саяси және экономикалық күшін жобалауға және тұтастай алғанда елдің субъективтілігін арттыруға бағытталған жұмсақ күштің жаңа құралы ретінде кеңінен қолданады.

«Ресурстармен жақсы қамтамасыз етілген және ең алдымен жақсы жабдықталған дипломатиялық қызмет мемлекетке күш беріп, ықпал етеді» (Berridge, 2001).

Дипломатиялық қызметте ақпараттық технологиялар егжей-тегжейлі жоспарланған және дұрыс ұйымдастырып пайдалану арқылы мемлекет көптеген проблемаларды шеше алады және қазіргі дипломатияның үдерістеріне сәйкес келе алады. Ал жаңадан пайда болған технологиялар дипломатиялық қызметтің барлық аспектілеріне пайдасын тигізеді.

Осыған орай зерттеудің негізгі мақсаты цифрлық дипломатияны дамытудың негізгі бағыттарына жан-жақты шолу жасау және оның әлемдік тәжірибеде дамуының негізгі бағыттарын анықтау болып табылады. Сондай-ақ цифрлық дипломатия саласындағы ғылыми зерттеулерге, практикалық тәжірибе мен әдебиеттерге оның дамуының негізгі бағыттарына баса назар аударып отырып, кешенді және жаңартылған талдау жасау болып табылады.

Бұл тақырыптың өзектілігі: қазіргі әлем ақпараттық технологияларға тәуелді болып келеді, ал цифрлық дипломатия (жаңа бағыт ретінде) бұл

технологияларды сыртқы саяси мақсаттарға жету үшін тиімді пайдалана алады.

«Интернет-дипломатия», «әлеуметтік медиа дипломатия» және «Веб-2.0 дипломатиясы» ұғымдарымен қатар таралған «цифрлық дипломатия» ұғымы бірінші рет Америка Құрама Штаттарында (АҚШ) қолданылды. Атап айтқанда, бұл мемлекеттік органдарды сыртқы саяси күн тәртібіне қатысты мәселелер бойынша функциялар мен коммуникацияларды орындауда қолдау үшін жаһандық желідегі жаңа медианы, әлеуметтік медианы, блогтарды және медиа ареналарды қоса алғанда, АКТ-ны кеңінен пайдалануды білдіреді. Қазіргі уақытта цифрлық дипломатия бағдарламалары тек АҚШ-та ғана емес, сонымен қатар бірқатар басқа елдерде де іске асырылуда (Tassilova, Zhappasov, Shyngyssova, Sarybayev, Sadenova, Tasylova, Kozgambayeva, 2018).

Цифрлық дипломатия рейтингінде Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасында көшбасшылар қатарынан орын алды. Рейтинг Сыртқы істер министрліктерінің (СІМ) интернет пен әлеуметтік желілерді пайдалану сапасын бағалайды (цифрлық дипломатияның, веб-сайттардың, мобильді қосымшалардың және әлеуметтік желілердің жалпыға қолжетімді активтеріне, сондай-ақ олардың цифрлық дипломатия істерін жүргізу үшін қолданылатын тәсілдеріне терең талдау жасайды). Сонымен қатар ол шығармашылық пен шынайылық, айқындылық, контентті басқару, қауіпсіздік, ашықтық, ықпал ету, аудиторияның типі, кәсібилік, жойқын/инновациялық науқандар сияқты сапалық көрсеткіштерді талдайды.

Мәселен, Қазақстан 2016 жылы тізімде Қырғызстанды (96-орын), Тәжікстанды (106-орын), Өзбекстанды (124-орын), Түрікменстанды (151-орын), сондай-ақ Норвегия (41-ші) және Ирландия (53-ші) сияқты елдерді басып озып, 38-орынды иеленді. Цифрлық дипломатия рейтингін Ұлыбритания, одан кейін АҚШ пен Франция бастады (Tassilova, Zhappasov, Shyngyssova, Sarybayev, Sadenova, Tasylova, Kozgambayeva, 2018).

Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауында:

- мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау, мемлекеттік қызметтерді «бір өтініш» қағидаты бойынша көрсету қажеттілігі;

- цифрлық технологияларды нақты уақыт режимінде халықтың ұсыныстарын, ескертулерін есепке алу және жедел ден қою үшін қолдану;

- ақпараттық жүйелерді берік қорғау туралы аталып өтті.

Мемлекет басшысының «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында:

- мемлекеттік секторды толығымен «цифрлық қайта жүктеу қажеттілігі (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін тиімді интеграциялау: «цифрлық үкіметтің» түбегейлі жаңа архитектурасын құру) және цифрлық трансформация орталығын іске қосу (мемлекеттік органдардың барлық бизнес-процестерін қайта қарап, цифрлық форматқа ауыстыру);

- мәлімет беру желісін халықаралық дәліздермен ұштастыра отырып, оны кеңейту және жаңарту;

- цифрлық дәуірде геосаяси маңызы бар өзінің ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыру (Еуразия өңірінің едәуір бөлігіндегі орталық цифрлық хаб) туралы айтылды.

Бұл міндеттің өзектілігі «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын, сондай-ақ мемлекеттік институттарды виртуалды кеңістіктегі жұмысты басымдық ретінде қарауға міндеттеп қана қоймай, оны қызметтерді трансформациялаудың өзегіне айналдыруды талап ететін «цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын қабылдаумен байланысты. Негізгі мақсат – нақты деректер негізінде шешім қабылдайтын, сондай-ақ цифрлық дәуірде инфрақұрылымды тиімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін цифрлық трансформация есебінен Қазақстанның тиімді мемлекеттік басқаруы бар қазіргі заманғы елдің қалыптасуы.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі - ҚР СИМ) осы

технологиялық трендті ұстануда үлкен жетістіктерге жетті. Соңғы бірнеше жылда ҚР СИМ киберкеңістікте өзінің қатысуын едәуір арттырды және маңызды сыртқы саяси оқиғаларды жариялау және туындайтын өңірлік және жаһандық мәселелерге жедел ден қою үшін цифрлық платформаларды белсенді пайдаланады.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасына сәйкес «2018-2020 жылдары дипломатиялық қызметтің бірыңғай ақпараттық жүйесін» қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілді, атап айтқанда:

- мемлекеттік қызметтер автоматтандырылды;

- Ахуалдық орталықтың қызметі автоматтандырылды;

- халықаралық шарттардың деректер базасы құрылды;

- ҚР СИМ функциялары автоматтандырылды (мысалы, шетелге іссапарға жіберу процесі, консулдық рәсімдер, цифрлық құжат айналымы, дипломатиялық корпусты цифрлық аккредиттеу, инвестициялық жобалардың интерактивті картасы, кадрлық рәсімдер).

Сонымен қатар шетелдік аудиторияда Қазақстан үшін тиімді ұстанымдардан тұратын халықаралық күн тәртібін тұрақты және тұтас қабылдауды қалыптастыру мақсатында киберкеңістікте ҚР СИМ қабылдайтын шаралар кешенін одан әрі тұжырымдау және жүйелеу қажет.

Осыған байланысты цифрландырудың қазіргі үдерістерінің мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынастарды құруға әсерін бағалау өзекті мәселе болып қала береді.

### Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін келесі тәсілдер мен әдістер қолданылды: қазіргі қоғамдағы цифрлық дипломатияның өзектілігі, негізгі бағыттарға шолу, сондай-ақ цифрлық дипломатияның елдердің сыртқы саяси бағытына әсер ету факторлары қарастырылды.

Проблеманы жан-жақты зерделеу мақсатында әдебиеттерге шолу, ресми мемлекеттік құжаттарға, халықаралық сараптамалық қоғамдастықтың

пікірлеріне, сондай-ақ шындықты көрсететін үрдістер мен фактілерді анықтауға ықпал ететін халықаралық рейтингтер мен баяндамаларға талдау жасалды. Атап айтқанда, зерттеуде қолданылған негізгі әдістердің бірі – цифрлық дипломатияға және оның негізгі даму бағыттарына арналған ғылыми жарияланымдар мен дереккөздерді талдау. Бұл әдіс цифрлық дипломатияның негізгі даму тенденцияларын анықтау және оның дамуының негізгі бағыттарын қарау үшін қолданылды.

Сондай-ақ зерттеу барысында цифрлық дипломатия саласындағы жұмыс әдістерін салыстыруға мүмкіндік беретін салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс цифрлық дипломатияның әртүрлі әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау және дамудың ең тиімді және перспективалы бағыттарын анықтау үшін пайдаланылды.

Цифрлық дипломатияға қатысты қоғамдық пікір мен тенденцияларды зерттеу үшін СИМ-нің сайттарына бақылау жүргізілді. СИМ, елші және әлемдік көшбасшылардың дипломатиялық мүдделерін ілгерілету мақсатында әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларды қаншалықты пайдаланатынын анықтау үшін халықаралық рейтингтерге талдау жүргізілді.

Жалпы, жұмыс әртүрлі ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану цифрлық дипломатияны дамытудың негізгі бағыттарына жан-жақты талдау мен шолу жасауға және оның артықшылықтарын, сын-қатерлері мен тәуекелдерін бағалауға мүмкіндік берді. Әр әдіс белгілі бір мәселені шешу үшін қолданылды және цифрлық дипломатияға шолу жасау үшін қажетті ақпарат алуға мүмкіндік берді.

### **Негізгі бағыттарға шолу**

#### **1. «Цифрлық елшілік» және «Цифрлық елші»**

Қазіргі әлемде Вена конвенциясы мен эксаумақтылығы (Эстония тәжірибесі) қағидаттарымен басқа елдерде маңызды ақпараттың резервтік көшірмелерін орналастыру үшін «электрондық елшіліктерді» ашу мүмкіндігі пайда болды.

«Цифрлық елші» - құзыретіне барлық шет елдердегі мекемелерде цифрлық технологияларға қатысты қызметті жүзеге асыру кіретін лауазым немесе әр елшілікте «цифрлық дипломат» лауазымы (Швеция тәжірибесі). Оның міндеттеріне цифрлық ортадағы өзгерістерді талдау және бұл туралы билікке хабарлау кіреді.

Сондай-ақ майдан ошақтарында немесе елшіліктері жоқ елдерде (Франция мен Данияның тәжірибесі) цифрлық елшіліктер ашуға мүмкіндік бар.

Бұл ретте, мемлекетте қолданылатын ақпаратты қорғауға қатысты барлық ережелер оның «Цифрлық елшілігіне» де қатысты. Басқаша айтқанда, дипломатиялық миссиялар мен консулдық мекемелер шеңберіндегі электрондық коммуникациялар, сақталған деректер және басқа да цифрлық процестер де елдің қолданыстағы ережелері мен заңдарына сәйкес болуы керек. Алғашқы цифрлық елшілікті Эстония Люксембургте ашты.

Интернет маңызды емес миссияларды ауыстыру немесе штатты қысқарту және тапсырмаларды көбейту арқылы қазіргі миссияның жұмысын орындау үшін виртуалды өкілдік, не жай ақпараттық қызмет түрінде немесе виртуалды хабаршылармен, тіпті виртуалды елшіліктермен, миссиялармен ашуға мүмкіндік береді. Виртуалды өкілдіктер штаб-пәтерден немесе басқа қолданыстағы миссиялардан басқарылуы мүмкін.

Сонымен, Мальдив аралдарында виртуалды елшілікті ашу кезінде Мальдив Сыртқы істер министрі Абдулла Шахид «виртуалды елшілік ел туралы ақпарат берудің, халықаралық маңызы бар мәселелер бойынша өз көзқарасын ұсынудың және халықаралық қоғамдастықтағы әріптестерімізбен өзара іс-қимылдың басқа арнасын көрсетеді» деп мәлімдеді (O'Mahony, 2007).

Виртуалды өкілдіктің тағы бір проблемасы оның заңдылығы мен юрисдикциясы болып табылады (Kurbalija, Baldi, 2000). Виртуалды өкілдік әрдайым бола бермейді, бірақ нақты елшілікке қосымша бола алады. Мұндай жағдайларда виртуалды лауазымдар елдің атынан өкілдік етуге жауапты нақты

басшылар болады. ҚР СІМ виртуалды өкілдікті географиялық қамтудың ықтимал шекаралары және тиісті юрисдикциялар туралы шешім қабылдайды.

Виртуалды елшіліктің елшісі интернет арқылы - толық интерактивтілікті қамтамасыз ететін онлайн құралдар жинағы бар платформаларда орналасқан виртуалды әлемдер арқылы байланысатын еді – елшінің өзі мәдени хабардар және жақын болу үшін штаб-пәтерде немесе өңір қамтылған аймақтың кез келген басқа нақты елшілігінде болады.

Экономикалық тұрғыдан мықты елдер үшін әрқайсысы белгілі бір аудиторияға бағытталған бірнеше виртуалды елшіліктерді ашудың мәні болар еді. Дамушы елдерге, негізінен, мұндай мұқияттылық танытудың қажеті жоқ және оларды бір виртуалды сайт қанағаттандыра алады.

Виртуалды елшіліктер шекара аумақтарындағы немесе нақты миссияны құру мүмкін емес жерлердегі миссияларды алмастыра алады немесе орталықтандырылған басқару үшін бірқатар тапсырмаларды онлайн кеңсеге жіберу арқылы кейбір қазіргі миссиялардың жұмысын өзгерте алады (Grech, 2006).

Мұндай елшіліктің функционалдығы біршама шектеулі екенін атап өткен жөн, бірақ «виртуалды елшілік Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында көрсетілген ақпаратты таратудан, шетелде азаматтардың мүдделерін қорғаудан және келіссөздер жүргізуден бастап инвестициялық қолдауға дейін және т. б. кез-келген дипломатиялық функцияларды орындай алады. Цифрлық елші мемлекеттер үшін қолайлы мүмкіндіктер жасайды, әлемнің ірі цифрлық компаниялары алдында ұлттық мүдделерді ілгерілетуге ықпал ететін болады. Цифрлық елші мен цифрлық елшілік – бұл мемлекеттің заманауи технологиялық мәселелерді шешуге мүдделілік таныту дәрежесін көрсететін күшті аргумент болып табылады.

*2. Консулдық қызметтерді (визаны ресімдеу, консулдық есепке қою, шетелдік паспортты айырбастау, зейнетақы анықтамаларын беру, сенімхаттарды ресімдеу, құжаттарды*

*заңдастыру, нотариалды куәландыру, Қазақстан Республикасы азаматтарын шетелде қорғау және т. б.) автоматтандыру процесі*

Қазіргі уақытта консулдық қызмет жаһандану, орасан зор көші-қон, терроризм және экологиялық апаттар сын-қатерлерінің артуына байланысты жауапкершіліктің артуына тап болып отыр. Бүкіл әлемде ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен енуі жағдайында (әсіресе ұялы телефондардың көмегімен) – консулдықтар саяси дағдарыстар, террористік актілер, жер сілкіністері және т. б. сияқты апатты жағдайларда жедел ден қоюдың қуатты құралына ие болды.

Азаматтарға арналған қызметтер маңызды міндеттердің бірі болып қала береді, бұл жүктеме жоғары көші-қонға байланысты өсті. Чиппен жабдықталған биометриялық төлқұжаттар мен жеке куәліктер сияқты жеке құжаттардың жаңартылған нұсқаларын беруге өтінімдер, сондай-ақ шетелде тұратын азаматтарға ресми құжаттар мен сертификаттар беру сапалы қызмет көрсету және ақылға қонымды мерзімде өңделе отырып орындалуы тиіс.

Штаб-пәтер арқылы бірнеше жан-жақты тексеруді қажет ететін сұраныстарды өңдеу тіпті шектеулі персонал мен ресурстармен де жеделдетілуі мүмкін. Оған орталықтандырылған электрондық үкімет пен азаматтардың цифрлық қолтаңбаларының ұлттық тізілімдерін құру арқылы қол жеткізіледі. Олардың көмегімен құжаттарды онлайн режимде сұрауға және тіпті алуға болады. Бұл жағдайда консулдық қатысу айтарлықтай азаяды немесе тіпті қажет болмай қалады. Мұндай орталықтандырылған жүйелер тұрақты өкілдігі жоқ басқа әріптес елдердің дипломатиялық өкілдіктеріндегі консулдық өкілдіктерде де тиімді жұмыс істейді.

Азаматтардың басқа елдерге баруы үшін виза беру өсіп жатқан талаптарға қарамастан, веб-порталдағы барлық ақпаратты, нысандар мен шаблондарды әртүрлі тілдерде ұсына отырып, сондай-ақ виза беруді басқарудың компьютерленген жүйесін енгізу арқылы тиімді қарастырылуы мүмкін.

Мысалы, консулдық рәсім жүйесінің мұндай басқару жүйесі алғаш рет Литвада іске қосылды, ол «елшіліктер мен министрлік арасындағы құжаттаманы басқару үшін қолданылатын бірнеше компьютерлік модульден тұрады» (Rimkunas. 2007). Толық онлайн тиімді және сапалы визалық қызметтің мысалы ретінде Ұлыбританияның визалық орталығын алуға болады (www.ukvisas.gov.uk).

### 3. Қоғамдық дипломатия

Ақпараттық кеңістіктің пайда болуына орай сыртқы саясаттың қалыптасуы мен қолданылуына қоғамның әсері артты.

Цифрлық ғасырда әскери немесе экономикалық емес, «жұмсақ күш» басым. «Қазіргі әлемдегі ақпарат – бұл билік және заманауи ақпараттық технологиялар ақпаратты тарихта бұрын-соңды болмағандай барынша кең таратады» (Nye, 2005). Цифрлық дәуір әлемі ақпараттық басқаруға – ақпараттың еркін ағынына және оны бақылауға сүйенеді.

Қоғамдық дипломатия азаматтар белсенділігінің артуына жауап ретінде келеді.

Дипломаттар қоғамдық пікірді жеткізу, жіберу және мұқият зерттеу үшін жұртшылықпен тікелей қарым-қатынас жасауға міндетті. Көбінесе, тіпті интернеттегі қоғамдық мүдделерді статистикалық талдау пайдалы болуы мүмкін: белгілі бір тақырыпты көрушілер санын анықтау, парақшаға кіру санын бақылау жұртшылықты не қызықтыратынын және не қызықтырмайтынын жақсы көрсетеді. Осылайша, пайдаланылған және пайдаланушылармен бірге жүретін желілер дипломаттарға резонанстық және жаһандық саяси проблемалар туралы хабардар ете алады.

Жалпы анықтамалар бойынша, қоғамдық дипломатия – бұл адамдарға жеткізу және мүдделілік таныту, сондай-ақ ақпараттандырылған қоғамның барлық секторларымен тікелей қарым-қатынас жасау арқылы қоғаммен байланыс орнату.

Виртуалды кеңістіктегі қоғамдық дипломатия жоғары интерактивтілікті және «онлайн қатысу» жиілігін талап етеді. Сыртқы саясаттың маңызды құрамдас бөлігі халықтың пікірін айту

болып табылады, оған онлайн-кеңістік арқылы оңай қол жеткізуге болады.

Мысалы, британдық Сыртқы істер және достастық істері министрлігінің интернет-порталы – СІДМ (www.fco.gov.uk) жұртшылықпен диалогқа бет бұрған интернет-сайттың жақсы үлгісі болып табылады. «Тыңдау, жариялау, қозғау, бағалау» ұранымен СІДМ ақпаратпен, Youtube-тегі ресми каналмен, елшілермен тікелей сөйлесулермен және Twitter-дегі ресми парақпен бөлісу үшін портал құрды.

*4. ҚР СІМ қызметкерлері үшін әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде жеке парақшаларды пайдаланудың бірыңғай саясаты және ҚР СІМ қызметкерлерінің жеке ресурстарын күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге ден қою үшін жұмылдыру ресурсы ретінде пайдалану*

Цифрлық дипломатия – белгілі бір мақсаттарға жету үшін Facebook, Instagram, Snapchat, YouTube, WhatsApp, Telegram және басқа да көптеген цифрлық құралдарды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда цифрлық платформалардың тізімі күннен күнге көбеюде.

Әрбір СІМ, елші немесе әлемдік көшбасшы осы платформалардың біреуін немесе бірнешеуін мақсатты аудиториямен өзара іс-қимыл жасау және ұлттық дипломатиялық мүдделерін ілгерілету үшін пайдаланады (BCW Twiplomacy, 2018).

Бірден араласу, алғышарттық дипломатия, жасанды интеллект, боттар мен жалған ақпарат тарату пайда болған сәттен бастап цифрлық дипломатияның мүмкіндіктерін қолданбайтындар немесе игермейтіндер артта қалады.

Цифрлық қоғамдық дипломатия дәуірінде жобалар пайдаланушылар белсенді түрде контент жасай алатын және контентпен бөлісе алатын платформаларда жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл платформалар тек құрал емес; керісінше, олар байланыс құрылымына әсер етеді (Карпович, Троянский, 2020).

Facebook-тегі world Leaders on 2020 басылымына сәйкес (BCW Twiplomacy) 184 елдің үкіметтері мен басшылары (немесе БҰҰ-ға мүше 193 мемлекеттің 95%-ы) әлеуметтік желіде ресми түрде

болды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 2 мемлекетке көп. 153 елдің мемлекет және үкімет басшылары мен 90 сыртқы істер министрі Facebook-те жеке парақшаларын жүргізеді және олар өздерінің тиісті мекемелеріне қарағанда танымал.

Қазіргі уақытта Қазақстанда смартфондарға арналған арнайы мобильді қосымшаларды әзірлеу практикасы іске асырылуда, олардың көмегімен елшіліктер әрқашан қолжетімді болады және өз клиенттерімен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады (мысалы, консулдық есепке алуды және ҚР СІМ интернет-қолдау қызметтерінің жұмысын жеңілдетуге арналған арнайы қосымшалар).

Цифрлық дипломатияны талдау үлкен маңызға ие, өйткені цифрландыру бүгінде саясат пен дипломатияны жүргізу тәсілінде үлкен рөл атқарады. Бұл олардың жаһандық және ұлттық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өте маңызды (Карпович, Троянский, 2020).

#### *5. Шетелдік контр-әріптестермен құжат айналымында дәстүрлі байланыс арналарын электрондық байланысқа ауыстыру саясаты*

Электрондық сауда мәдениетін енгізу – компьютерлік желілердің көмегімен жүзеге асырылатын барлық қаржылық және сауда операцияларын және осындай транзакцияларды жүргізумен байланысты бизнес-процестерді қамтитын экономика саласы. Кең мағынада бұл интернетті пайдаланатын коммерциялық қызмет, сатушылар мен сатып алушылардың жұмысын жеңілдететін тетіктер. Электрондық сауданың мысалы интернет-дүкен, электрондық биржалар және көтерме сауда алаңдары болып табылады.

Жаһандық электрондық сауда үшін ең бірінші дамыған телекоммуникация инфрақұрылымы қажет. Ұлыбритания, АҚШ, Жапония, Канада, Жаңа Зеландия, Финляндия мемлекеттерінде электрондық сауда инфрақұрылымы кеңінен қолданылады. Сонымен қатар ол тұрақты түрде жаңартылуда. Дамушы елдерде телекоммуникациялар және ақпараттық технологиялардың даму деңгейі төмен. Сол себептен, олардың әлемдік және ішкі

нарықта электрондық саудаға қатысуын шектейді (Климович, 2003).

Үкімет саясаты жаңа технологияларды дамыту барысында маңызды рөл атқарады. Себебі, жаңа технологиялар өнеркәсіптің салаларына қолдау көрсетеді. Сондай-ақ елдің экономикалық ортасын жақсартады, халықаралық қауымдастықпен байланыс орнату үшін қолайлы жағдай жасайды. Үкімет қаржы және заң саласында электрондық сауданың нарықтық қолжетімділігін айқындайтын халықаралық келісімдерге қол қойып, оларды жүзеге асырады.

Алайда, электрондық сауданың маңызды мәселелері де бар, олар мәмілелердің қауіпсіздігі және құпиялылығы. Сондықтан көптеген мемлекеттер ақпараттық кеңістіктегі қауіпсіздік мәселелерін жыл сайын заңнамалық негізде күшейтіп келеді.

Үкімет пен заң шығарушы органдар бизнестің сыртқы ортасының жаңа факторларын құруға және пайдалануға, интернетті пайдалана отырып ұлттық кәсіпорындарды интернационалдандыру процесін қолдауға белсенді қатыса алады. Саясаткерлер электрондық сауданың өсуі мен оның таралу деңгейі осы факторларға қарым-қатынасқа байланысты екенін түсінуі керек (Климович, 2003).

#### *5. Шешім қабылдаудың ақпараттық-талдамалық жүйелері*

Бүгінгі таңда сыртқы саяси ведомстволардың жұмысында деректердің үлкен көлемін сақтауға, талдауға, болжауға мүмкіндік беретін шешімдер қабылдаудың талдамалық жүйелері – бағдарламалық-аппараттық кешендер жиі қолданылады.

Бастапқыда ақпараттық-талдамалық жүйелер дағдарыс кезінде құрыла бастады, мұндай жүйені қолданған алғашқы ел Чили болып саналады. Бұл жүйелер елдің экономикалық дамуы мен экономикалық көрсеткіштеріне баса назар аударды және елдің экономикалық дағдарыстан шығуы туралы шешім қабылдау үшін пайдаланылды. Жүйелердің жұмыс істеуі үшін жағдаяттық бөлмелер құрылды, онда барлық ақпарат кері байланыспен бірге бейне қабырғаларда көрсетілді.

Пайдаланушылары мемлекет басшылары, премьер-министрлер және басқа да жоғары деңгейдегі шенеуніктер болды.

Сыртқы саяси ведомствоның барлық инфрақұрылымын одан әрі дамыту сыртқы саяси ведомствоның қолда бар жүйелері негізінде құрылатын шешімдер қабылдаудың бірыңғай ақпараттық-талдамалық жүйесін құруға алып келеді. Бұған кадр құрамының дерекқорлары, ведомство мен шет елдердегі мекемелердің құжат айналымы (хат алмасу, ноталар және басқа да хаттар), шет елдердегі мекемелерден жіберілген талдамалық жазбалар, халықаралық шарттар мұрағаты, елдер бойынша деректер, жаңалықтар кіруі мүмкін – бұл деректердің барлығы бірыңғай орталық деректер қоймасында жиналады.

Одан кейін деректерді мазмұнды талдауға, оқиғаларды болжауға, шешім қабылдауға және визуализацияға жауап беретін модульдер жасалады. Сонымен қатар визуализацияның ең жақсы нұсқасы қалалар мен шағын елді мекендерге дейін масштабтауға болатын әлемнің егжей-тегжейлі электрондық картасын жасау болып табылады. Осы деректер негізінде «тұлғалар», «елдер», «қалалар», «қақтығыстар» және т. б. сияқты әртүрлі өзара байланысты объектілер құрылады. Барлық осы деректер негізінде шешім қабылдаудың күрделі алғышарттары құрылады.

Цифрлық дипломатия немесе «е–дипломатия» - кең мағынада «ақпараттық кеңістіктің болуымен байланысты өзгертілген дипломатия немесе ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың жәрдемімен жүргізілетін шешімдер қабылдау, үйлестіру, халықаралық қатынастар тәжірибесі» (Waller, 2007).

### Қорытынды

Бұл ғылыми зерттеуде цифрлық дипломатияның негізгі бағыттарына шолу жасалды және келесі нәтижелер анықталды.

Зерттеу цифрлық дипломатияның белсенді дамып келе жатқанын және мемлекеттердің сыртқы саяси қызметінің маңызды құрамдас бөлігіне айналғанын

анықтады. Бұл елдерге халықаралық аренада тиімді өзара іс-қимыл жасауға, өз имиджін қалыптастыруға және қолдауға, сондай-ақ басқа елдердің қоғамдық пікіріне ықпал етуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік медиа мен цифрлық платформалар цифрлық дипломатияның маңызды құралына айналғаны байқалады. Әлеуметтік желілер мен интернет технологияларын пайдалану ақпаратты таратудың және қоғамдық пікірді құрудың маңызды құралы болып табылады. Олар мемлекеттерге қоғаммен белсенді қарым-қатынас жасауға, өз саясаты мен мүдделерін білдіруге, сондай-ақ халықаралық сын-қатерлер мен дағдарыстарға тиімді жауап беруге мүмкіндік береді.

Цифрлық дипломатия дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің жұмысында да қолданылатыны анықталды. Бұл консулдық қызметті тиімді жүзеге асыруға, шетелдегі азаматтарға консулдық қолдау көрсетуге, сондай-ақ халықаралық аренада өз елінің мүдделерін білдіруге және қорғауға мүмкіндік береді. Мемлекеттер мен халықтар арасындағы байланыс үшін цифрлық платформаларды әзірлеу дипломатиялық қатынастардың сапасын жақсартуға және әртүрлі салалардағы өзара іс-қимылды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, цифрлық технологиялар, интернет және әсіресе әлеуметтік желілер қазіргі мемлекеттердің сыртқы саясаты мен дипломатиясына елеулі толықтырулар енгізуде. «Цифрлық дипломатияның» жаңа нысаны, бір жағынан, мемлекеттік халықаралық саясатты жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер береді, ал екінші жағынан, оның қатысушыларына ерекше талаптар қояды. Алайда, бұл прогресс пен дамудың құралы, онсыз әлемнің кез-келген дамыған елінің дипломатиясын елестету мүмкін емес. Демек, халықаралық қоғамдастық, мемлекет басшылығы және сыртқы саяси ведомстволар үшін дипломатияның негізгі үдерістерінен хабардар болу және соңғы цифрлық технологиялар мен жаңа мүмкіндіктерді пайдалану, өз елдерінің мүдделерін халықаралық аренада ілгерілету, сондай-ақ цифрландыру алып келетін тәуекелдерді азайту маңызды.



## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. BCW Twiplomacy (2018). The 10 Commandments for Successful Digital Diplomacy. [Электрондық ресурc]: <https://www.twiplomacy.com/the-10-commandments-for-successful-digital-diplomacy>, Қаралған күні: 11.06.2022 ж.
2. BCW Twiplomacy (2020). World leaders on Facebook 2020. Executive Summary. [Электрондық ресурc]: <https://www.twiplomacy.com/world-leaders-on-facebook-2020>, Қаралған күні: 11.09.2022 ж.
3. Berridge G. R., Keens-Soper Maurice and Otte T. G. (2001). Diplomatic theory from Machiavelli to Kissinger.1-5. [Электрондық ресурc]: <http://surl.li/i/poca>, Қаралған күні: 20.10.2022 ж.
4. Grech. O.M. (2006). Virtual diplomacy: diplomacy of the digital age. (MA thesis, Faculty of Arts in the University of Malta). [Электрондық ресурc]: <https://www.diplomacy.edu/wp-content/uploads/2021/06/23082010104529-Grech-Library.pdf>, Қаралған күні: 05.09.2022 ж.
5. Kurbalija, J. , Baldi, S. (2000). Internet Guide For Diplomats. Diploma Press [Электрондық ресурc]: <https://www.diplomacy.edu/resource/internet-guide-for-diplomats/>, Қаралған күні: 01.09.2022 ж.
6. Nye, J. (2005). Soft Power: The means to success in world politics. New York: Public Affairs Books. [Электрондық ресурc]: <https://wcfia.harvard.edu/publications/soft-power-means-success-world-politics> Қаралған күні: 01.06.2022 ж.
7. O'Mahony, P. (2007). Sweden trumped by Maldives in Second Life. The Local [Sweden]. E-diplomacy: the challenge for ministries of foreign affairs. DiploFoundation, 2007. <https://www.thelocal.se/20070522/7379/>, Қаралған күні: 01.10.2022 ж.
8. Rana, K. (2006) Foreign ministries: change and reform. Working paper presented at the 2005. International Conference “Challenges for Foreign Ministries: Managing Diplomatic Networks and Optimising Value” held in Geneva. [Электрондық ресурc]: <http://www.diplomacy.edu/conferences/MFA/ForMin.pdf>, Қаралған күні: 01.09.2022 ж.
9. Rashica V. (2018). The Benefits and Risks of Digital Diplomacy. SEEU Review. 13. 75-89. 10.2478/seeur-2018-0008. [Электрондық ресурc]: <https://sciendo.com/abstract/journals/seeur/13/1/article-p75.xml>  
[https://www.researchgate.net/publication/330572468\\_The\\_Benefits\\_and\\_Risks\\_of\\_Digital\\_Diplomacy](https://www.researchgate.net/publication/330572468_The_Benefits_and_Risks_of_Digital_Diplomacy) Қаралған күні: 01.09.2022 ж.
10. Rimkunas, A. (2007). The modernization of the Lithuanian consular service in response to global challenges. DiploFoundation. p.186-191. [Электрондық ресурc]: <https://www.diplomacy.edu/wp-content/uploads/2021/06/15-Modernization.pdf>, Қаралған күні: 10.09.2022 ж.
11. Tassilova A., Zhappasov Zh., Shyngyssova N., Sarybayev M., Sadenova A., Tasylova N., Kozgambayeva G. (2018). Comparative analysis on digital diplomacy in Kazakhstan, Uzbekistan and Kyrgyzstan. Astra Salvensis. 6. 321-332. [Электрондық ресурc]: [https://www.researchgate.net/publication/325413489\\_Comparative\\_analysis\\_on\\_digital\\_diplomacy\\_in\\_Kazakhstan\\_Uzbekistan\\_and\\_Kyrgyzstan](https://www.researchgate.net/publication/325413489_Comparative_analysis_on_digital_diplomacy_in_Kazakhstan_Uzbekistan_and_Kyrgyzstan), Қаралған күні: 01.10.2022 ж.
12. Waller, J. M. (2007). The public diplomacy reader. Washington DC: Institute of World Politics Press. [Электрондық ресурc]: [https://www.academia.edu/11035481/The\\_Public\\_Diplomacy\\_Reader\\_2007\\_](https://www.academia.edu/11035481/The_Public_Diplomacy_Reader_2007_) Қаралған күні: 21.06.2022 ж.
13. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 10.01.2018 ж. [Электрондық ресурc]: <https://www.akorda.kz>, Қаралған күні: 01.06.2022 ж.
14. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 01.09.2021 ж. [Электрондық ресурc]: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>, Қаралған күні: 01.06.2022 ж.
15. Алешкина Н.С. (2018). «Цифровая дипломатия»: новые инструменты «мягкой силы». Государственная политика и управление в России: взгляд молодых ученых. Вестник Поволжского института управления 2018. Том 18. № 1. 143-150 бб. [Электрондық ресурc]: <file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/tsifrovaya-diplomatiya-novye-instrumenty-myagkoy-sily.pdf> (01.08.2022 ж.)
16. Базлуцкая М.М., Зиновьева Е.С. (2022). Особенности цифровой публичной дипломатии международных организаций. Аналитический обзор коллективной монографии «Цифровая дипломатия международных организаций. Автономность, легитимность и конкуренция» под редакцией Р. Зайотти и К. Бйолы. Вестник международных организаций. 2022. Т. 17. № 1. 183–190 бб. [Электрондық ресурc]: <https://iorj.hse.ru/data/2022/05/15/1821927159/9%20%D0%91%D0%B0%D0%B7%D0%BB%D1%83%D1%86%D0%BA%D0%B0%D1%8F-181-188.pdf>, Қаралған күні: 05.07.2022 ж.

17. Карпович О. Г., Троянский Г. М. (2020). Особенности использования цифровой дипломатии иностранными внешнеполитическими ведомствами и международными организациями. ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ СЛУЖБА № 4–2020. 96-105 бб. [Электрондық ресурс]: [http://iamp.dipacademy.ru/media/files/Diplomaticheskaya\\_sluzhba.pdf](http://iamp.dipacademy.ru/media/files/Diplomaticheskaya_sluzhba.pdf), Қаралған күні: 01.06.2022 ж.
18. Климович Л.А. (2003). Электронная коммерция в интернационализации предпринимательской деятельности. Белорусский журнал международного права и международных отношений 2003 — № 1. [Электрондық ресурс]: <https://evolutio.info/ru/journal-menu/2003-1/2003-1-klimovich>, Қаралған күні: 07.09.2022 ж.
19. Лебедева М.М. (2017). Публичная дипломатия: Теория и практика: Научное издание под редакцией М.М.Лебедевой: Издательство «Аспект Пресс», Москва, 272 б. [Электрондық ресурс]: <http://surl.li/ipogq>, Қаралған күні: 21.09.2022 ж.
20. Ростованова М.Г. (2021). Цифровая дипломатия как инструмент международных отношений: преимущества и риски. Вопросы студенческой науки. Выпуск №6 (58), июнь 2021. 370-374 бб. [Электрондық ресурс]: <http://surl.li/ipoih>, Қаралған күні: 01.09.2022 ж.
21. Сытник А.Н. (2021). Цифровизация и «большие данные» в международных отношениях: теоретические, методологические и прикладные аспекты. Диссертация на соискание ученой степени кандидата политических наук. Санкт-Петербургский государственный университет. [Электрондық ресурс]: [https://dissert.spbu.ru/files/2021/dissert\\_sytnik.pdf](https://dissert.spbu.ru/files/2021/dissert_sytnik.pdf), Қаралған күні: 21.09.2022 ж.

## REFERENCES

1. BCW Twiplomacy (2018). The 10 Commandments for Successful Digital Diplomacy. Retrieved from: <https://www.twiplomacy.com/the-10-commandments-for-successful-digital-diplomacy>, Accessed 11.06.2022.
2. BCW Twiplomacy (2020). World leaders on Facebook 2020. Executive Summary. Retrieved from: <https://www.twiplomacy.com/world-leaders-on-facebook-2020>, Accessed 11.09.2022.
3. Bazlytskaia M.M., Zinoveva E.S. (2022). Osobnosti tsifrovoi pyblichnoi diplomatii mejdynarodnyh organizatsii. Analiticheskii obzor kollektivnoi monografii «Tsifrovaia diplomatia mejdynarodnyh organizatsii. Avtonomnost, legitimnost i konkurentsiia» pod redaktsiei R. Zaiotti i K. Bioly. Vestnik mejdynarodnyh organizatsii. 2022. T. 17. № 1. 183–190 bb. Retrieved from: <https://iorj.hse.ru/data/2022/05/15/1821927159/9%20%D0%91%D0%B0%D0%B7%D0%BB%D1%83%D1%86%D0%BA%D0%B0%D1%8F-181-188.pdf>, Accessed 05.07.2022.
4. Berridge G. R., Keens-Soper Maurice and Otte T. G. (2001). Diplomatic theory from Machiavelli to Kissinger. Palgrave. 1-5. Retrieved from: <http://surl.li/ipoca>, Accessed 20.10.2022.
5. Grech. O.M. (2006). Virtual diplomacy: diplomacy of the digital age. (MA thesis, Faculty of Arts in the University of Malta). Retrieved from: <https://www.diplomacy.edu/wp-content/uploads/2021/06/23082010104529-Grech-Library.pdf>, Accessed 05.09.2022.
6. Klimovich L.A. (2003). Elektronnaia kommertsiiia v internatsionalizatsii predprinimatelskoi deiatelnosti. Belorusskii jýrnal mejdynarodnogo prava i mejdynarodnyh otnoshenii 2003 — № 1. Retrieved from: <https://evolutio.info/ru/journal-menu/2003-1/2003-1-klimovich>, Accessed 07.09.2022.
7. Kurbalija, J., Baldi, S. (2000). Internet Guide For Diplomats. Diploma Press. Retrieved from: <https://www.diplomacy.edu/resource/internet-guide-for-diplomats/>, Accessed 01.09.2022.
8. Karpovich O. G., Troianskii G. M. (2020). Osobnosti ispolzovaniia tsifrovoi diplomatii inostrannymi vneshnepoliticheskimi vedomstvami i mejdynarodnymi organizatsiiami. DIPLOMATICHESKAIa SLÝJBA № 4–2020. 96-105 бб. Retrieved from: [http://iamp.dipacademy.ru/media/files/Diplomaticheskaya\\_sluzhba.pdf](http://iamp.dipacademy.ru/media/files/Diplomaticheskaya_sluzhba.pdf), Accessed 01.06.2022.
9. Lebedeva M.M. (2017). Pyblichnaia diplomatia: Teorija i praktika: Naýchnoe izdanie pod redaktsiei M.M.Lebedevoj: Izdatelstvo «Aspekt Press», Moskva, 272 b. Retrieved from: <http://surl.li/ipogq> Accessed 21.09.2022.
10. N.S. Aleshkina. (2018). «Tsifrovaia diplomatia»: novye instrýmenty «miagkoi sily». Gosýdarstvennaia politika i ýpravlenie v Rossii: vzgliad molodyh ýchenyh. Vestnik Povoljskogo institýta ýpravleniia 2018. Tom 18. № 1. 143-150 bb. Retrieved from: <file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/tsifrovaya-diplomatiya-novye-instrumenty-myagkoy-sily.pdf>, Accessed 01.08.2022.
11. Nye, J. (2005). Soft Power: The means to success in world politics. New York: Public Affairs Books. Retrieved from: <https://wcfia.harvard.edu/publications/soft-power-means-success-world-politics> Accessed 01.06.2022.
12. Rimkunas, A. (2007). The modernization of the Lithuanian consular service in response to global challenges. DiploFoundation. p.186-191. Retrieved from: <https://www.diplomacy.edu/wp-content/uploads/2021/06/15-Modernization.pdf>, Accessed 10.09.2022.

13. Rana, K. (2006) Foreign ministries: change and reform. Working paper presented at the 2005. International Conference “Challenges for Foreign Ministries: Managing Diplomatic Networks and Optimising Value” held in Geneva. Retrieved from: <http://www.diplomacy.edu/conferences/MFA/ForMin.pdf>, Accessed 01.09.2022.
14. Rashica V. (2018). The Benefits and Risks of Digital Diplomacy. SEEU Review. 13. 75-89. 10.2478/seeur-2018-0008. Retrieved from: [https://www.researchgate.net/publication/330572468\\_The\\_Benefits\\_and\\_Risks\\_of\\_Digital\\_Diplomacy](https://www.researchgate.net/publication/330572468_The_Benefits_and_Risks_of_Digital_Diplomacy) Accessed 01.09.2022.
15. Rostovanova M.G. (2021). Tsifrovaya diplomatiya kak instrument mejdynarodnyh otnoshenii: preimystva i riski. Voprosy stýdencheskoi náyk. Vypýsk №6 (58), iýn 2021. 370-374 bb. Retrieved from: <http://surl.li/ipoih>, Accessed 01.09.2022.
16. Sytnik A.N. (2021). Tsifrovizatsiya i «bolshie dannye» v mejdynarodnyh otnosheniiah: teoreticheskie, metodologicheskie i prikladnye aspekty. Dissertatsiya na soiskanie ýchenoi stepeni kandidata politicheskikh náyk. Sankt-Peterbýrgskii gosýdarstvennyi ýniversitet. Retrieved from: [https://disser.spbu.ru/files/2021/disser\\_sytnik.pdf](https://disser.spbu.ru/files/2021/disser_sytnik.pdf), Accessed 21.09.2022.
17. Tassilova A., Zhappasov Zh., Shyngyssova N., Sarybayev M., Sadenova A., Tasylova N., Kozgambayeva G. (2018). Comparative analysis on digital diplomacy in Kazakhstan, Uzbekistan and Kyrgyzstan. Astra Salvensis. 6. 321-332. Retrieved from: [https://www.researchgate.net/publication/325413489\\_Comparative\\_analysis\\_on\\_digital\\_diplomacy\\_in\\_Kazakhstan\\_Uzbekistan\\_and\\_Kyrgyzstan](https://www.researchgate.net/publication/325413489_Comparative_analysis_on_digital_diplomacy_in_Kazakhstan_Uzbekistan_and_Kyrgyzstan), Accessed 01.10.2022.
18. Waller, J. M. (2007). The public diplomacy reader. Washington DC: Institute of World Politics Press. Retrieved from: [https://www.academia.edu/11035481/The\\_Public\\_Diplomacy\\_Reader\\_2007](https://www.academia.edu/11035481/The_Public_Diplomacy_Reader_2007) Accessed 21.06.2022
19. «Halyq birligi jáne júveli reformalar – el órkendeýiniń berik negizi» atty Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy 01.09.2021. Retrieved from: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>, Accessed 01.06.2022.
20. «Tórtinshi ónerkásiptik revolýtsiya jaǵdayndaǵy damýdyń jańa múmkindikteri» Qazaqstan Respýblikasynyń Prezidenti N. Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy. 10.01.2018. Retrieved from: <https://www.akorda.kz>, Accessed 01.06.2022
21. O'Mahony, P. (2007). Sweden trumped by Maldives in Second Life. The Local [Sweden]. <https://www.thelocal.se/20070522/7379/> E-diplomacy: the challenge for ministries of foreign affairs. DiploFoundation, 2007. Retrieved from: <https://www.thelocal.se/20070522/7379/>, Accessed 01.10.2022.

#### ЦИФРОВАЯ ДИПЛОМАТИЯ: ОБЗОР ОСНОВНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ

**Бағдагуль ЖАПАРАЛИНА**, докторант Института дипломатии Академии государственного управления при Президенте РК, Астана, Казахстан, [zhabagdagul@gmail.com](mailto:zhabagdagul@gmail.com)  
**Камилла ШЕРЬЯЗДАНОВА**, доктор PhD, ведущий научный сотрудник Сектора анализа государственной политики Института прикладных исследований Академии государственного управления при Президенте РК, Астана, Казахстан, [kamilla.sheryazdanova@mail.ru](mailto:kamilla.sheryazdanova@mail.ru), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5419-1138>

#### DIGITAL DIPLOMACY: OVERVIEW OF THE MAIN DIRECTIONS

**Bagdagul ZHAPARALINA**, doctoral student of the Institute of Diplomacy of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, [zhabagdagul@gmail.com](mailto:zhabagdagul@gmail.com)  
**Kamilla SHERYAZDANOVA**, PhD, Leading Researcher of the Sector for Public Policy Analysis of the Institute of Applied Research of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, [kamilla.sheryazdanova@mail.ru](mailto:kamilla.sheryazdanova@mail.ru), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5419-1138>